

"Денисов ауданының Құрметті азаматы" Атағын беру жөніндегі Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2009 жылғы 4 наурыздағы № 117 шешімі. Қостанай облысы Денисов ауданының Әділет басқармасында 2009 жылды 31 наурызда № 9-8-124 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2009 жылғы 30 қазандағы № 158 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының
2009. 10. 30 № 158 шешімімен.*

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағы 12 -2 тармақшасына сәйкес мәслихат **ШЕШІТІ:**

1. "Денисов ауданының Құрметті азаматы" Атағын беру жөніндегі Ережесін бекіту (қосымша беріліп отыр).

2. Осы шешімнің орындауын әлеуметтік қорғау, әлеуметтік сфераның дамуы, зандалық пен құқықтық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен он күнтізбелік күн еткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихатының кезектен
тыс сессиясының төраймы K. Қойшыбаева*

Денисов аудандық мәслихатының хатшысы Б. Тойбагоров

**Мәслихаттың
2009 жылдың 4 наурыздағы
№ 117 шешімімен бекітілген**

"Денисов ауданының Құрметті азаматы" Атағын беру жөніндегі ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. "Денисов ауданының Құрметті азаматы" Атағы аудандық мәслихатының шешімімен беріледі. "Денисов ауданының Құрметті азаматы" деген Атақ беру

ізгіліктің ынтысы болып табылады, патриоттық қызметін орындауға шақыру және азаматтың ерекше еңбегін, сондай-ақ Денисов ауданының тарихында есімдерді сақтау мақсатында, қоғамдық мойымдау сөзімен көрсетіледі.

2. "Денисов ауданының Құрметті азаматы" Атағын беру жөніндегі талаптар

2. "Денисов ауданының Құрметті азаматы" Атақ, кімнің Денисов ауданымен өмір баяны байланысқан, сондай-ақ оның сінірліген тұрғындарына беріледі:

1) Ұлы Отан Соғысында көрсеткен батырлығы, ерлігі, азаматтық және профессионалдық міндеттерін ерекше атқарған, мемлекеттік наградалары бар азаматтар;

2) мемлекеттік және саяси қайраткерлер, жергілікті мемлекеттік басқару саласында өзін жақсы жағынан көрсеткені үшін, ауданды өркендетуге көмектескені үшін, Қазақстанның тыныштығын сақтағаны үшін, "Халық қаһарманы", Қазақстан Республикасының сыйлықтарымен марапатталғаны үшін;

3) Денисов ауданының экономикалық және әлеуметтік дамуы үшін инновациялық қайраткерлік және халық шаруашылығының барлық саласында жаңа технологияны енгізіп, өсіп-өнуіне, көркеюіне үлесін қосқаны үшін;

4) халықты, қоршаған ортаны сақтандыруға ерекше қосқан үлесін үшін;

5) мемлекеттік сыйлығына лайықты ғылым саласының жетілдіруіне үлес қосқаны үшін, әдебиет, сурет салу, фестиваль, халық шығармашылық көрмелермен насыхаттау, Қазақстанның көпұлттық халықтарының мәдени өсуіне көп үлес қосқаны үшін;

6) Қазақстан Республикасының азаматтығына жаңа ұрпақ азаматтарының тәрбиесіне, мәдениет және отаншылдығына, сондай-ақ білім беру сапасын көтеруіне ерекше үлес қосқан үшін;

7) Денисов ауданының спорттық женістерінің бірнеше рет женімпаздарына, спартакияданың жүлдегерлеріне және басқа да спорттық жарыстарында атын шығарғаны үшін.

3. "Денисов ауданының Құрметті азаматы" Атақ шетел азаматтарына, олардың сінірген қызметінің белгісі үшін берілуі мүмкін.

3. "Денисов ауданының Құрметті азаматы" Атағын беру жөніндегі тәртібі

4. "Денисов ауданының Құрметті азаматы" Атақ беру кандидатуралары Денисов аудан әкімімен ұсынылады.

5. Ұсынылған үміткер үшін ұсынылады: ерекше сінірген қызметімен өтініші және наградалары, мінездеме, атқарған қызметтер тізімі, жариялаулары.

6. "Денисов ауданының Құрметті азаматы" Атақ беру туралы, өзінің кандидатурасын ұсынған тұлғалардың атынан келген өтініш қарастырылмайды.

7. "Денисов ауданының Құрметті азаматы" Атақ беру туралы шешімді қабылдау және мәселені қарастыру атаққа ұсынылған тұлғасыз жүзеге асырылады.

8. "Денисов ауданының Құрметті азаматы" атағын беру туралы шешімнің қабылдануы мен мәселенің қаралуы атаққа ұсынылған тұлғаның қатыспауынсыз жүзеге асырылуы мүмкін.

9. "Денисов ауданының Құрметті азаматы" Атақ беру туралы шешім аудандық мәслихатының сессиясында қатысқандардың құпия дауыс беру санының ен көп дауыс қабылданады және аудандық гәзетінің беттерінде жарияланады.

4. "Денисов ауданының Құрметті Азаматы" Белгісі туралы

10. "Денисов ауданының Құрметті азаматы" Белгісі Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалауының түсіне келтіріліп, металлдан дайындалады. Белгіде "Денисов ауданының Құрметті азаматы" деген қазақ тілінде жазу бар.

5. Қорытынды ережелер

11. "Денисов ауданының Құрметті азаматы" Атаққа лайықты тұлғалар, "Денисов ауданының Құрметті азаматы" айырым белгімен марапатталады.

12. "Денисов ауданының Құрметті азаматы" Атақ куәлікпен расталады.

13. Денисов ауданының құрметті азаматының төсбелгісі және куәлігі Денисов ауданының әкімімен және мәслихат хатшысымен салтанатты жағдайымен кең жарияланады.

14. Денисов ауданының Құрметті азаматының есімі азаматтардың Құрмет Кітабына жазылады, Денисов ауданының мұражайында сақталады.

15. Денисов ауданының әкімінің ұсынылуы жөніндегі аудандық мәслихатының шешімімен Құрмет Атағының иегері қылмыс жасаған жағдайда заң күшіне соттың айыптаушылық үкімінің енуінен кейін "Денисов ауданының Құрметті азаматы" Атақты алып таставу орындалады.